

Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметін көрсетуге ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 сәуір N 437. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы мен 2, 5, 6, 8, 10-тармақтарындағы сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қаулысымен.

Тұрғын үй қорын ұстаудың жағдайын жақсарту, оны пайдаланудың ұзақтығын созу және халыққа тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дотациясыз жұмыс істеу режиміне көшіру бөлігінде "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы тұрғын үй-коммуналдық қызметтің тарифтеріне бұл қызметтерді көрсетуші ұйымдардың шығасыларын жабатын деңгейге жеткенге дейін кезең-кезеңмен көшіру қамтамасыз етілсін.

I-кезең: 1996 жылғы 1 сәуірден 1 шілдеге дейін - халық тұрғын үй-коммуналдық қызметтің өзіндік құнының 50 процентін төлейді;

II-кезең: 1996 жылғы 1 шілдеден 1 қазанға дейін - халық тұрғын үй-коммуналдық қызметтің өзіндік құнының 75 процентін төлейді;

III-кезең: 1996 жылғы 1 қазаннан бастап тарифтерді тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін көрсетуші ұйымдардың шығасыларын жабатын деңгейде белгілеу.

2. Тұрғын үйді ұстау және коммуналды қызмет үшін ақыны көтеру жергілікті бюджеттердің есебінен тұрғындардың аз қамтамасыз етілген бөлігіне нысаналы жәрдемақы беру түрінде халыққа біржолғы әлеуметтік қорғау шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.<*>

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

1996 жылғы 1 қазаннан бастап тұрғын үй-коммуналдық саласын жұмыс істеудің дотациясыз негізіне кезеңмен көшіру туралы шешімді мәслихаттармен жедел келіссін және келісілген шешімді жүзеге асыруға кіріссін;

"Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 қаулысымен

белгіленген жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері санының лимиті шегінде мұқтаждарға тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін арнаулы қызмет к ұ р с ы н :

аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын-үй жәрдемақысын төлеуге арналған қаражатқа қажеттілікті жыл сайын айқындасын және оны бюджеттің жобасын жасау үшін белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұ с ы н с ы н ;

пәтерлер (үйлер) иелерінің кооперативін, тұрғын үйлер кондоминиумдарын (қоса иеленушілерді) құру жөніндегі шараларын жүргізуді қамтамасыз етсін, 1996 жылдың 1 желтоқсанына меншік иелері кооперативтерін ұйымдастыруды аяқтаудың мерзімін белгілесін, оларды құрудың кестесін бекітсін;

облыстық және жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландырылатын шараларды (бірінші кезекте тұрғын үй-коммуналдық қызметін көрсету саласындағы) атқарушыларды таңдаудың тендерлік принципінә көшуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде тұрғын үй жәрдемақыларын енгізуді ұйымдастыру жөніндегі үлгі тізбесі мен құжаттардың нұсқасын жасасын ж ә н е б е к і т с і н .

5. Отбасылардың тұрғын үйді ұстау (мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу, (жалдау) шарты бойынша төлеу) мен коммуналдық қызметке ақы төлеуге арналған шекті жол берілетін шығындарының үлесі отбасының жиынтық кірісінің 30 проценті мөлшерінде белгіленсін.<*>

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға отбасылардың тұрғын үйді ұстау (мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу, жалдау) және тұрғын үй коммуналдық қызметке ақы төлеудегі іс жүзіндегі шығындарын өтемдік шаралармен бірақ іс жүзінде орналасқан жалпы алаң мен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығындардың нормативтерінен артық емес қамтамасыз етілген тұрғын үй көлемі нормасының шегіндегі бұл мақсаттарға шығынның шекті жол берілетін үлесіне балама сомалардан арттыру кезінде тұрғын үй жәрдем ақысы берілсін.<*>

Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі есепке қабылдайтын тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстардың мөлшерін облыстар мен Алматы қаласының әкімдері а й қ ы н д а й д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді және 3 абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қаулысымен.

6. Тұрғын үй заңымен белгілеген отбасының әрбір мүшесіне мемлекеттік

тұрғын үй берудің баламды нормасындағы, бірақ жалғыз тұратын азаматтар үшін бір бөлмелі пәтерден кем емес, пәтерлердің (үйлердің) пайдалы алаңы өтемдік шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы үшін қабылдансын. Бір пәтерде тұрғын үй және коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу жөніндегі бөлек жеке шоттары бар бірнеше отбасылар немесе азаматтар тұратын жағдайда тұрғын алаңның нормасы жеке тұрғын бөлмеден кем болмайды.<*>

7. Тұрғын үйге меншік нысанына қарамастан көрсетілген тұрғын үй-коммуналдық қызметтер үшін төленетін ақы, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу (жалдау) шарты бойынша ақы төлеу тұрғындар тарапынан заңда белгіленген тәртіпте бекітілген бірыңғай ставкалар, тарифтер және нормативтер бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.31.

№ 1759 қаулысымен.

8. Тұрғын үй-коммуналдық саласы өз шығынын өзі өтеуге жеткенге дейін пайдаланушы ұйымдардың нақты шығындары мен тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет үшін ақы түріндегі түсімнің арасындағы айырмашылық жергілікті бюджеттен нысаналы жәрдемақы есебінен жабылсын.<*>

9. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының оның дотациясыз негізге кезең-кезеңмен көшіру процесіндегі шараларының негізділігін бақылауды қамтамасыз етсін;

облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп облыстар мен Алматы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында оларды 1996 жылдың 1 қазанында аяқтау арқылы монополиясыздандыру және бәсекелес орта құру жөніндегі шараларды жүзеге асырсын, бұл үшін шаралардың тиісті кестелер бекітсін.

10. Қоса беріліп отырған аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі туралы Уақытша ереже бекітілсін.<*>

11. Осы қаулының жүзеге асуына бақылау жасау Үкімет Аппаратының Аумақтық даму, Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімдері мен Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін (апта сайын).

12. Осы қаулыны жүзеге асыру мақсаттарында Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарды құрылыс салу министрлігімен, Әділет министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына және "1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасына өзгертулердің жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 және "1996 жылға арналған өндірісті дамытудың және өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің бағалары мен тарифтерін өзгертудің мақсатты индикаторлары туралы" 1996 жылғы 14 ақпандағы N 202 қаулыларына өзгертулердің жобасын белгіленген тәртіпте әзірлеу және қарауға ұсыну тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 12 сәуірдегі

N 437 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы

УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

ЕСКЕРТУ. Ереженің атауы мен 1, 2, 8, 15, 17-тармақтарында сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қаулысымен.

I. Тұрғын үй жәрдемақысы

1. Тұрғын үй жәрдемақысы - аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтерді тұтыну, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу (жалдау) жөніндегі шығындардың орнын толтыру үшін берілетін өтем.<*>

Тұрғын үй жәрдемақысы азаматтардың жекелеген санаттары үшін тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі заңда белгіленген жеңілдіктермен қатар халықты әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылады.<*>

2. Тұрғын үй жәрдемақысы - республикада тұрақты тұратын тұлғаларға егер өтемақы шараларымен бірақ іс жүзінде тұратын жалпы алаңнан артық емес

қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы және коммуналдық қызметтерін тұтыну нормативтері тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығыстар шегінде тұрғын үйді ұстау және ақы төлеу шығындары отбасының бюджетіндегі осы мақсаттарға жұмсалатын жол беруге болатын шекті шығындар үлесінен асып кететін жағдайда беріледі. Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге арналған жол беруге болатын шекті шығындар үлесі отбасының жиынтық табысының 30 проценті мөлшерінде белгіленеді.<*>

Белгіленген нормадан жоғары тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерін тұтыну үшін ақы төлеу жалпы негіздерде жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қ а у л ы с ы м е н .

3. Өтемақы шаралары мен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы тұрғын үй заңымен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй беру нормасымен баламды. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері есепке қабылдайтын тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстардың мөлшері мен коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қоқыстарды әкету және лифтілерге қызмет көрсету) тұтынудың нормативтерін облыстар мен Алматы қаласының әкімдері б е л г і л е й д і . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қ а у л ы с ы м е н .

4. Тұрғын үй жәрдемақысын тұрғын үй жәрдемақысы қызметі береді. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметінің ұйымдық нысандары мен құрылымын облыстар мен Алматы қаласының әкімдері айқындайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақысы сол аумақта тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі немесе тұрғын үйді пайдаланушы (жалға алушы, жалдаушы) болып табылатын жеке тұлғаларға тағайындалады.

Ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың қарауындағы үйлерде тұратын тұлғаларға тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындауды тұрғын үй жәрдемақысы қызметі жүргізеді.

6. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (пәтерлері, үйлері) бар немесе тұрғын жайды жалға немесе жалға алып жалға беруші тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығын жоғалтады.

Егер оларда күтуді қажет етеді деп танылған мүгедектерді күтуді жүзеге асырушы немесе 3 жасқа дейінгі, сондай-ақ кіші баласы бірінші сыныпты (бірақ 9 жастан аспаған) бітіргенге дейінгі төрт және одан да көп балаларды тәрбиелеумен шұғылданушы (бір және одан көп) баланы тәрбиелеумен шұғылданушы тұлғалардан басқа жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскерде қызмет

етпейтін және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген еңбекке жарамды тұлғалар болса, отбасылардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқы болмайды. < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қаулысымен.

7. Шиеленісті, даулы немесе қалыптан тыс жағдайлар пайда болған жағдайда тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы мәселені шешу жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдерінен құрылатын әкімдердің аппараттарының жанындағы арнаулы комиссияның қарауына енгізілуі мүмкін.

8. Тұрғын үй жәрдемақысы аударымсыз нысанда тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер үшін төлемді тұрғын үйді жалдаушыға (меншік иесіне) есептелген сомамен салыстырғанда азайту ретінде беріледі. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер үшін іс жүзінде есептелген ақының сомаларынан аса алмайды.< * >

Тұрғын үй жәрдемақысы ақшалай төлем түрінде белгіленеді.< * >

Тұрғын үй жәрдемақысын төлеу тұрғын үй жәрдемақысы қызметтерінің жергілікті бюджеттерден осы мақсатқа бөлінген қаражаттың есебінен, азаматтардың салымдары бойынша шоттарға есептеуі жолымен тізімдерін Қазақстан Ұлттық Банкінің келісімі бойынша Қаржы министрлігі бекітетін, екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі тиісті банктер) арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін. < * >

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеудің тәртібі мен шарттары тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері мен тиісті банктердің арасында жасалған агенттік келісімдермен айқындалады. < * >

Қазақстан Республикасының тиісті банктердің филиалдары жоқ елді мекендерінде көрсетілген төлемдер агенттік келісімдердің негізінде тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері айқындаған органдар арқылы жүргізіледі.< * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді және жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қаулысымен.

9. Тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөнінде жеңілдіктері бар және осымен бір мезгілде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығы бар тұлғаларға әлеуметтік қорғау нысандарының бірін таңдау мүмкіндігі беріледі.

10. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берілген күннен бастап алты ай мерзімге тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақыларын алушыларды қайта тіркеу ресімдеудің алғашқы процедурасы секілді жүргізіледі.

Отбасының тұрғын үйді ұстау мен үй-коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуге жұмсалатын жол беруге болатын шекті шығындар үлесі, отбасының табыстары, сондай-ақ коммуналдық қызметтер ставкалары мен тарифтері өзгерген кезде тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері бұрын тағайындалған

жәрдемақыларға қайта есептеу жүргізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қ а у л ы с ы м е н .

11. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар өз тұрғын үйінің меншік нысанындағы, отбасы құрамындағы және оның жиынтық табысындағы кез келген өзгерістер туралы, сондай-ақ жәрдемақының дұрыс есептелмеген жағдайлары туралы тұрғын үй жәрдемақысы қызметін 10 күн ішінде хабардар е т у г е т и і с .

Тұрғын үй жәрдемақысы қызметіне жоғары немесе заңсыз өтем тағайындауға апарып соғатын жалған мәліметтерді әдейі бергені үшін жалға алушы (меншік иесі) бір жыл бойы жәрдемақы алу құқығынан айырылады, ал тұрғын үй жәрдемақысы ретінде заңсыз алынған сомалар заңда белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады.

II. Тұрғын үй жәрдемақыларын есептеу

12. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы шешім тұрғын үйді жалға алушының (меншік иесінің) өтінішінің және оған қоса берілетін отбасының құрамы, тұратын үйінің пайдалы алаңының мөлшері, тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындары, отбасының жиынтық табысы туралы құжаттары негізінде қабылданады.

13. Ұсынылған құжаттарды қараудың нәтижесі бойынша отбасына шарт жасалады, оған жәрдемақыны есептеп шығарудың есебі енгізіледі. Шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үйді жалға алушыда (меншік иесінде) с а қ т а л а д ы .

Аталған шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады.

14. Ақпараттың растығына күдік туған жағдайда тұрғын үй жәрдемақысы қызметі сұрау салуға хақылы ол заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер тұлғаның табысы туралы ақпарат беруге міндетті.

Тұрғын үй жәрдемақысын алуға өтініш берген тұрғын үйді жалға алушының (меншік иесінің) отбасының еңбекке қабілетсіз барлық мүшелері заңды және жеке тұлғаларға оның табыстары туралы тұрғын үй жәрдемақысы қызметіне мәліметтер беруге келіскендігін растау ретінде көрсетілуі мүмкін табыс туралы ақпаратты ашуға арналған арнайы рұқсатқа қол қоюы қажет.

15. Жәрдемақы мөлшері жалға алушының (меншік иесінің) өтем-ақы шаралармен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін тұтыну үшін нақты төлемі мен осы отбасының бұл мақсаттарға жұмсайтын шығындарының жол беруге болатын шекті деңгейінің арасындағы айырма ретінде есептеледі.

III. Тұрғын үй жәрдемақыларын қаржыландыру көздері

16. Меншіктің барлық нысандарындағы үйлерде тұратын тұрғындарға тұрғын үй жәрдемақыларын төлеуді қаржыландыру жергілікті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

17. Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер көрсетуге жұмсалатын есептік-нормативтік шығындарды анықтау баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің және атқарушы өкіметтің басқа уәкілетті органдарының бақылаумен жүргізіледі.

18. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі берілген жәрдемақылар сомасын көрсете отырып негізгі жалға алушылар мен меншік иелерінің тізімін жасайды және тоқсан сайын жиынтық ведомостарды шығынның орнын толтыру үшін өзі тұрған жердегі қаржы органына ұсынады.

19. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй жәрдемақыларын берумен байланысты шығыстарды өтеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындайды. < * >

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.08.28.

№ 1297 қаулысымен.

20. Облыстық, қалалық, аудандық қаржы органдары жылына кемінде бір рет бастапқы құжаттар бойынша бюджет қаражаттың тұрғын үй жәрдемақысын төлеуге жұмсалу дұрыстығына тексеру жүргізуге міндетті.

21. Солар бойынша тұрғын үй жәрдемақылары заңсыз тағайындалған құжаттарды дұрыс ресімдемегені үшін осындай жағдай өздерінің кінәсінен болған лауазымды тұлғалар заңда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 12 сәуірдегі

№ 437 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі туралы

ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі № 1344 Жарлығына сәйкес, тұрғын үй-коммуналдық саласын жұмыс істеудің дотациясыз негізінде кезең-кезеңмен көшіруге байланысты халықты нысаналы әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін құрылады.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметін құру туралы шешімді облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қабылдайды.

3. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі өз қызметінде қолданылып жүрген заңдарды, осы Үлгі ережені, сондай-ақ облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің осы мәселелер бойынша қабылдаған актілерін басшылыққа алады.

4. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі есептеулерге болжам жасау және жәрдемақы тағайындау бөлімшелерінен құрылуы мүмкін.

5. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі туралы Ережені, оның құрылымын және штат санын облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бекітеді.

II. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметінің негізгі қызметтік міндеттері

6. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметінің негізгі қызметтік міндеттері: тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтеріне ақы төлеу тарифтерінің көтерілуі нәтижесінде халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарының жалпы санын айқындау; < * >

тұрғын үй-жайларды ұстау мен көрсетілген коммуналдық қызметтер үшін әлеуметтік қорғалатын отбасыларына шығынның бір бөлігін өтеуге атаулы өтемақылар тағайындау; < * >

халыққа атаулы дотация жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаржы қаражатының көлемін болжау болып табылады.

III. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметінің міндеттері мен құқықтары

7. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметінің негізгі міндеттері: тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілу себептері туралы, сондай-ақ тұрғын үй жәрдемақысы мөлшерін әсер ететін факторлар туралы халыққа хабарлау;

жәрдемақы алудан үміткер отбасының жиынтық табысы деңгейінің құжаттармен расталуын қамтамасыз ету;

тұрғын үйде ұстау мен коммуналдық қызметтерге төлемдердің есептелуінің дұрыстығын тексеру; < * >

әлеуметтік қорғалатын азаматтарға, соның ішінде ведомстволық тұрғын үй қорында тұратын азаматтарға жәрдемақының мөлшерін белгіленген мерзімде айқындау;

халыққа атаулы жәрдемақылар берілуіне байланысты шығындарды өтеуге қаражатты жоспарлау үшін әкімдерге негізделген есептемелер беру;

тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау мәселелері жөніндегі азаматтардың өтініштерін, хаттары мен шағымдарын уақтылы қарау болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 6, 7-тармақтар өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1297 қ а у л ы с ы м е н .

8. Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі:

тұрғын үй жәрдемақысына үміткерлерден отбасы құрамы, отбасы табысы, тұру алаңы туралы сенімді ақпарат берілуін талап етуге;
халықтың берген тұрғын үй жәрдемақысын есептеу үшін қажетті құжаттарының дұрыстығына тексеру жүргізуге;
азаматтардың тұрғын үй жәрдемақысын алудағы заңды құқықтарын қорғауға;

күмәнді (жалған) құжаттарды әдейі берген адамдарды тұрғын үй жәрдемақысын пайдалану құқығынан айыруға;

халыққа атаулы көмекті жүзеге асыру үшін құжаттардың уақтылы түсуіне бақылау жасауға құқылы.